

**"Қазақстан Республикасының ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы жұмыстарды үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының ережесі мен құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 553 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 861 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 244 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2016 № 244 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы жұмыстарды үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының ережесі мен құрамын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 553 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 23, 259-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:  
көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

Қазақстан Республикасының ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы жұмыстарды үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының құрамына мыналар енгізілсін:

Анисимов - Қазақстан Республикасы Президенті  
Алексей Николаевич Әкімшілігінің Ақпараттандыру және ақпараттық ресурстарды қорғау бөлімі меңгерушісінің орынбасары (келісім бойынша)

Досаев - Қазақстан Республикасының Экономика және  
Ерболат Асқарбекұлы бюджеттік жоспарлау министрі

Өскенбаев - Қазақстан Республикасының Өңірлік даму  
Қайырбек Айтбайұлы бірінші вице-министрі

Алтынбаев - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас  
Мүслім Мұхтарұлы штабы бастығының орынбасары

Баттақов - Қазақстан Республикасының Президенті Іс  
Ерлан Еркінұлы басқарушысының орынбасары (келісім бойынша)

Арысов - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік  
Науаи Бақабайұлы комитеті Мемлекеттік құпияларды қорғау  
департаментінің бастығы (келісім бойынша)  
Испанов - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы  
Ілияс Сапарбекұлы Қаржы, ақпараттандыру және ақпараттық  
ресурстарды қорғау департаментінің директоры  
(келісім бойынша);

мына:

«Есмамбетов - Қазақстан Республикасы Көлік және  
Ерлан Қожабергенұлы коммуникация министрлігі «Телекоммуникация  
саласындағы техникалық сүйемелдеу және  
талдау орталығы» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы республикалық мемлекеттік  
кәсіпорнының директоры»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Есмамбетов - Қазақстан Республикасы Көлік және  
Ерлан Қожабергенұлы коммуникация министрлігі «Мемлекеттік  
техникалық қызмет» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы республикалық мемлекеттік  
кәсіпорнының директоры»;

көрсетілген құрамнан: Рүстем Айдарбекұлы Биғари, Дина Мәлқызы  
Шәженова, Сәкен Әділханұлы Жасұзақов, Ержанбек Ормаханұлы Нұрбеков  
ш ы ғ а р ы л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *С. Ахметов*